

БАСТЫ МАҚСАТ – «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН» ИДЕЯСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮРҒЫДАН БЕКІТУ

Қоғамның дамуы мен мемлекеттің тұрақтылығы ең алдымен оның негізгі заңы – Конституциясына байланысты. Конституция – елдің саяси, құқықтық және әлеуметтік өмірінің іргетасы. 2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдумда қазақстандықтар жаңа Конституцияны қолдады (87,15% қолдаумен, 73,12% қатысумен). Бұл өзгеріс 1995 жылғы Конституцияның шамамен 80-84%-ын қайта жазды және елдің саяси жүйесін түбегейлі жаңғыртты. Жаңа Конституция 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Жаңа Конституция – бұл тек құқықтық құжат емес, ол халықтың ерік-жігерінің көрінісі. Басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын одан әрі күшейту, мемлекеттік биліктің тиімділігі мен ашықтығын арттыру, әділетті қоғам қалыптастыру және «Әділетті Қазақстан» идеясын құқықтық тұрғыдан бекіту.

Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік және саяси жүйенің жаңаруы, 2026 жылғы реформа биліктің теңгерімін өзгертудің маңызды қадамы болды:

– Екі палаталы Парламент (Сенат + Мәжіліс) бір палаталы Құрылтайға ауыстырылды. Бұл парламенттік құрылымды жеңілдетіп, шешім қабылдау процесін жылдамдатуы көзделді;

– Вице-Президент лауазымы қайта енгізілді. Вице-Президент институтының енгізілуі – жоғары мемлекеттік билік жүйесін институционалдық тұрғыдан нығайтатын маңызды жаңалық. Вице-Президентті Президенттің ұсынуы және Құрылтайдың келісімі негізінде тағайындау тәртібі президенттік бастама мен өкілді органның қатысуы арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Вице-Президентке Президентке қойылатын талаптарға ұқсас шектеулердің белгіленуі (мысалы, депутаттық мандатпен қатар атқаруға тыйым салу және т.б.) оның саяси бейтараптығын сақтауға және қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған;

– Президенттің кейбір жоғары лауазымдарға (Конституциялық Сот төрағасы, Жоғарғы Сот төрағасы, Орталық сайлау комиссиясы, Ұлттық банк, Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі және т.б.) тағайындау өкілеттіктері күшейтілді. Парламенттің кейбір тағайындаулардағы рөлі азайды.

Сонымен қатар жаңа Конституцияның екінші бөлімі «Негізгі құқықтар, бостандықтар және міндеттер» алғаш рет әрбір адам үшін құқықтық мүмкіндіктер мен құқықтық шектеулерді нақты айқындайды. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мемлекеттің құқықтық жүйесінің тиімділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Олар: Адам құқықтары, цифрлық құқықтар және экологиялық құқықтар деп кеңейтілді. Атап айтқанда, қазіргі жағдайда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамның жеке өміріне қол сұғу үшін арттырды. Дербес деректердің заңсыз жинауы, өңделуі және таратылуы жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына елеулі қауіп төндірді. Осыған байланысты мемлекеттер конституциялық деңгейде цифрлық құқықтарды қорғаудың жаңа тетіктерін енгізуде.

3-БЕТТЕ



Ақмешіт

18 сәуір
сенбі

№28 (2240)

2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЖАҢАРҒАН ОЙЫН АЛАҢЫ



Қала тұрғындары үшін осыдан үш-төрт жыл бұрын балалар ойнайтын орын үлкен мәселе еді. Әсіресе, көпқабатты тұрғын үй тұрғындары үшін қиынның қиыны еді. Балалар үйге сыймайды, есік алдында ойын алаңы барларға жұрт қызыға қарайтын. Кейінгі екі жылда көпшілікті аландатқан осы мәселе шешімін тапты. Нәтижесінде қалада ойын және спорт алаңдары көбейді.



БАЛАЛАР ИГІЛІГІ ҮШІН

Қала әкімі Нұржан Ахатов қалада салынып жатқан ойын алаңдарын аралап көрді. Қала әкімі бастаған топ Қазыбек би көшесіндегі үй ауласындағы ойын алаңына барды. Мұнда балаларға арналған заманауи сырғанақтар мен әткеншектердің айналасына қауіпсіздік төсеніштері төселген. Футбол ойын алаңы мен жаттығуға арналған құралдар орнатылған.

– 2025 жылы қала аумағында 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жүргізілді. Футбол алаңы, балаларға арналған ойын алаңы, спорттық жаттығуға арналған құралдар орнатылды. Ойын алаңдары үшін қажетті құрал-жабдықтарды Алматы қаласынан арнайы тапсырыспен әкелді. Жалпы, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бастама тұрғындардың көңілінен шығуда, – делі «RS – ЖОЛ СЕРВИС» ЖШС директоры Руслан Ысмағұлұлы.

Жаңарған аулалардың басты ерекшелігі – қауіпсіздік пен қолайлылық. Ойын және спорт құралдары заманауи талаптарға сай орнатылған. Ең бастысы, бұл өзгерістерге балалар дән риза.

– Бұрын бізде мұндай алаң болмаған. Қазір достарыммен күнде келіп, футбол ойнаймыз, әткеншек тебеміз. Маған сырғанақ ұнайды. «Құс ұясы» деп аталатын әткеншек ерекше, – дейді 9 жасар Абдуллах Бақытжан.

2-БЕТТЕ

ЖАҢА НЫСАН

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҚАДАМ: ЖАҢА ЖЫЛУ-ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАДЫ



Қызылорда қаласында бой көтерген жаңа жылу-электр орталығы тәулік бойы энергия өндіру режиміне көшті. Бұл жоба оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен іске қосылды. Қазіргі таңда қуаттылығы 240 мегаватт электр энергиясын және 277 гигакалория жылу өндіруге мүмкіндігі бар заманауи станцияда іске қосу-реттеу жұмыстарының белсенді кезеңі жалғасуда. Жоба Түркияның «Akso Energy» компаниясының тікелей инвестициясы есебінен жүзеге асырылып отыр. Құны 215 млрд теңге болатын станция толық цифрлық басқару жүйесімен жабдықталған. Жоба аясында АҚШ, Италия, Чехия және Түркияның озық цифрлық және автоматтандырылған технологиялары енгізіліп, өндірістік процестер толық цифрлық бақылауға алынған. Бұл өндіріс процесін автоматтандыруға, энергия тиімділігін арттыруға және қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді.

2-БЕТТЕ

ДӘСТҮРЛІ БАҚ ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРГЕ ҚАЛАЙ БЕЙІМДЕЛУДЕ?

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Әлемді ғылым құтқарады – IV» ғылым айлығы аясында «Өңірлік медианың трансформациясы: дәстүрлі БАҚ пен цифрлық медиа» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өтті.

Іс-шара өңірлік медианың қазіргі даму бағытын айқындауға, дәстүрлі баспасөздің цифрлық ортаға бейімделуін талқылауға және жаңа медиа құралдарының мүмкіндіктерін саралауға арналған маңызды ғылыми-тәжірибелік алаңға айналды. Конференцияның басты мақсаты – аймақтық журналистиканың заман талабына сай жаңаруына ықпал ету, цифрлық кеңістіктегі ұлттық және өңірлік контенттің сапасын арттыру, дәстүрлі БАҚ-тың цифрлық жүйеге көшу жолдарын ғылыми-практикалық тұрғыда негіздеу болды. Жиында жасанды интеллект, әлеуметтік желілер, фактчеккинг, мультимедиялық журналистика, дата-журналистика және жастардың ақпарат тұтыну мәдениеті секілді өзекті мәселелер кенінен талқыланды.

Конференцияда «Егемен Қазақстан» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаев өз ойын ортаға салды. Ол қазіргі ақпараттық кеңістіктегі ең өзекті мәселелердің бірі фактчеккинг мәдениеті туралы айтты.

– Дәстүрлі журналистикада қалыптасқан негізгі қағидалар – нақтылық, шынайылық, бейтараптық және жауапкершілік цифрлық дәуірде де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Керісінше, әлеуметтік желілер мен онлайн платформалар кеңейген сайын кәсіби журналистикаға деген сұраныс арта түсті. Себебі ақпарат көп болғанымен, сенімді мәліметті ажырата білу қиындап барады. Сондықтан фактчеккинг – тек жалған ақпаратты жоққа шығару құралы ғана емес, ол журналистің кәсіби этикасының ажырамас бөлігі. Журналист кез келген мәліметті жарияламастан бұрын бірнеше дереккөзден тексеріп, ресми ақпаратпен салыстырып, қажет болса мамандардың пікіріне жүгінугі тиіс. Әсіресе, аймақтық медида бұл мәселе өте өзекті, өйткені өңірлік БАҚ жергілікті халықтың күнделікті өміріне, әлеуметтік мәселелеріне және қоғамдық пікірге тікелей әсер етеді, – дейді ол.

4-БЕТТЕ



Таза
Қазақстан
АЛМАТЫ АУАЛАРЫН АЗАРЛАУ

«ТАҒЗЫМ ОРНЫ ТАЗА БОЛСЫН,
РУХ ПЕН ТАЗАЛЫҚ - БІР ҰҒЫМ»
ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді 19 сәуір күні аймағымызда «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында өтетін «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – егіз ұғым» атты жалпыхалықтық тазалық акциясына қатысуға шақырамыз!

Туған жердің әрбір қасиетті орны ұрпаққа аманат. Сол аманатқа адал болу – бәріміздің ортақ парызымыз.

Өңіріміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді, киелі орындар мен қорымдар аумағын таза ұстап, өскелең ұрпаққа үлгі болайық. Барша сырбойылықтар ата-баба рухына тағзым ететін ортақ іске үлес қосып, маңызды шараға белсенділікпен қатысады деп сенеміз!

Қызылорда облысының әкімдігі

СПОРТПЕН ШҰҒЫЛДАНАТЫНДАР САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Елімізде бұқаралық спортты дамыту мақсатында жүйелі жұмыс бар. Тұрғындардың спортпен шұғылдануы үшін ең алдымен жағдай жасалу керек екені белгілі. Бұл талапты ескерсек, кейінгі жылдары елімізде бұқаралық спортты дамыту назардан тыс қалған емес. Нәтижесі де жаман емес. Мәселен, Қызылорда қаласында спортпен шұғылданушылар саны 2022 жылы 127838 адам, яғни 36,6%-ды құраса, 2023 жылы 141161 адамға жетіп, 39,5%-ды құрады, 2024 жылы 155755 адамға жетіп, 43,1%-ға орындалды.

2025 жылы 163654 адамға жетіп, 44,7% болды. 2026 жылға бұл көрсеткіш 45,1%-ға жетеді деп жоспарланған.

Бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында Қызылорда қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі қалалық білім бөлімімен бірге жыл көлемінде мектеп оқушылары арасында эстафеталық, ұлттық ойын түрлерінен жарыс өткізу үшін іс-шара жоспары бекітіліп, ұйымдастырылуда.

Халықтың әлеуметтік әлсіз тобы қатарындағы қала тұрғындарын қолдау үшін ай сайын аз қамтылған, көпбалалы отбасындағы балаларға, қала жастарын спорт инфрақұрылымымен қамту мақсатында қаражат бөлініп, «Евразия» спорт кешені «Муз айдыны» және Тарлан спорт кешеніне барлығы 24000 жолдама берілген.

Өткен жылы қалада 230 спорттық іс-шараға 33000 адам қатысып, оның ішінде 20 республикалық және облыстық деңгейдегі жарысқа 4000 спортшы қатысса, 2 оқу-жаттығу жиыны өткізіліп, оған 48 адам қатысқан.

Қызылорда қаласының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты Қажымұқан Мұнайтпасұлы атындағы спорт клубында спорттың 13 түрінен (еркін күрес, дзюдо, таэквондо, грэпплинг (UWW), коян-колтық ұрыс, каратэ-до, бокс, казак күресі, президенттік көпсайыс, футбол, футбол, пара пауэрлифтинг, тоғызқумалақ) үйірме бар.

Бүгінде спорт клубының жеткен жетістігі аз емес. Жыл басынан бері спорт клубының спортшылары Қазақстан Республикасы чемпионаты, Әлем чемпионаттары және іріктеу кезендері бойынша: Президенттік көпсайыс, пара пауэрлифтинг, коян-колтық ұрыс, грэпплинг спорт түрлерінен жүлделі

I, II, III орын иеленген. Жыл бойы спорт клубында түрлі спорттық іс-шаралар өтуде. Атап айтқанда, халық балуаны Қажымұқан Мұнайтпасұлы еске алуға арналған казак күресінен 2004-2006 жылы туған жастар арасында республикалық турнир өтіп, 200 спортшы қатысқан. Б. Алтынсарин атындағы жұлде үшін «Бәрің де жарысқа» атты ұранмен мектеп оқушылары арасындағы қалалық дәстүрлі жарыс (I-II сынып) өтіп, 1300-ге жуық спортшы қатысты. 15-16 жас жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында республикалық веложарыс ұйымдастырылып, оған 400-ге жуық спортшы қатысқан.

Өткен жылы Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай «Qyzyldorda-OPEN» шахматтан республикалық турнир өтті. Жарысқа аудан, қала, өзге де облыстардан жалпы білім беретін мектептер мен оқу орталықтарынан 200-ден аса оқушы қатысқан. Бұл сайыс жасөспірімдер арасында спортқа деген қызығушылықты арттырып, болашақ чемпиондардың қалыптасуына серпін берді десек артық айтқандық емес. Сонымен қатар баскетболдан республикалық турнир, тоғызқумалақтан қалалық ашық біріншілік, футболдан Қазақстан Республикасы Бірінші лига чемпионаты өз дәрежесінде өтті. Қала халқы бұқаралық спортқа тарту мақсатында тұрғындар арасында қол күрес, гир тасын көтеру, асық ату, ләңгі тебу, арқан тарту, қой көтеруден сайыс ұйымдастырылып, көпшілікті бір серпілтіп тастады. «Чемпионмен бірге жүгір» атты жүгіру марафоны да көпшілік көңілінен шыққан спорттық іс-шараның бірі. Өткен жылдың күзінде қаладағы Эдельвейс жағажайынан бастау алып, Болашақ университеті ғимаратына дейінгі аралықта жүгіру марафоны ұйымдастырылып, марафонды боқстан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев пен қола жүлдегер Тұрсынбай Құлахмет бастап, тұрғындардың спортқа деген қызығушылығын оятып. Марафонға 100-ге жуық тұрғын қатысып, 5 шақырымдық қашықтықты бағындырды. Биыл да халықты бұқаралық спортпен айналысуға қолдау білдіру мақсатында бөлім тарапынан жүйелі жұмыс жоспары жасалған. Атап айтқанда, дене шынықтыру мекемелері, спорт мектептері және спорт клубтарымен бірлесіп, 235 спорттық іс-шара өткізу жоспарлануда. Айта кетелік, қала және қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтерде барлығы 824 спорттық нысан бар. Жыл басталғалы бері қала спорттың жетістіктері аз емес. Бұл спортқа ден қойған жүйелі жұмыстың нәтижесі екені даусыз. Биылға жоспарланған ауқымды спорттық іс-шаралар да аз емес. Атап айтқанда, республикалық веложарыс, шахматтан республикалық турнир, «Бала барыс-2026» қалалық ашық біріншілігі, волейболдан қала әкімінің кубогі секілді спорттық іс-шаралар өткізу биылғы жыл еншісінде.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Қажымұқан Мұнайтпасұлы атындағы спорт клубының жыл басынан бері жеткен жетістіктері:

* Қарағанды қаласында 2-6 сәуір күндері өткен ҚР чемпионатында Қызылорда қаласының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты Қажымұқан Мұнайтпасұлы атындағы спорт клубының спортшысы Бекарыс Нұржаубайұлы (57 кг) II орын иеленді.

* Астана қаласында 4-7 сәуір күні өткен Қазақстан кубогы үшін Бердіғұл Бақдәулет (38 кг) салмақта Грэпплинг Ноу-ги бойынша II орын, Грэпплинг Ги-ден III орын иеленді.

* Сәуір айының 8-12 аралығында өткен панкратионнан Қазақстан Республикасының чемпионатында (57 кг) салмақта Бекарыс Нұржаубайұлы I орын иеленді.

* Сәуір айының 8-12 аралығында панкратионнан өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында Алтай Ғалымжан (46 кг) I орын иеленді.

* Таиланд елінің Бангкок қаласында 2026 жылдың сәуір айының 7-14 аралығында өткен пара пауэрлифтингтен Азия-Мұхит аймағы чемпионатында жоспары нәтиже көрсетіп, жарыста (67 кг) Дильназ Айтжан II орын, жалпы ұнай бойынша I орын иеленді.



КОММУНАЛДЫҚ САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Коммуналдық сала – қала тіршілігінің құрамы. Тұрғындардың жайлы өмір сүруі мен шаһардың тұрақты дамуы сала мамандарының тынымсыз еңбегіне тікелей байланысты. Күннің ыстығы мен суығына қарамастан, санаспай қызмет ететін еңбек адамдары ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Кездесу барысында сөз алған қала әкімінің орынбасары қарапайым еңбек адамдарының қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтті.

– Қарапайым еңбек адамына құрмет – елдіктің белгісі. Қандай қиын сәттерде де, ауа райының қолайсыз жағдайларында да, апаттық оқиғалар кезінде коммуналдық сала қызметкерлері әрдайым алдыңғы

шепте жүреді. Бұл – үлкен жауапкершілік пен табандылықтың көрінісі. Сіздердің жауапкершілік жүгі зор жұмыстарыңызға сәттілік пен табыс тілеймін, – деді Арнұр Әлібекұлы.

«Ақмешіт-ақпарат»



Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов бірқатар сала қызметкерлерін қабылдады. Іс-шара барысында үздік қызметкерлерге шаһар басшысының Алғыс хаттары табысталып, олардың адал еңбегі көпшілікке үлгі ретінде дәріптелді.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҚАДАМ: ЖАҢА ЖЫЛУ-ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАДЫ

Ескі жылу электр орталығынан артықшылықтарын атап айтсақ, газ тұтыну көрсеткіші 50 пайызға үнемді, станция 20 минут ішінде 50 мегаваттан 240 мегаватқа дейін жүктеме өзгерістеріне тез бейімделіп, қуатты жылдам арттырып немесе азайта алады. Бұл жалпы өндірістік өндірістің энергетика жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін қажет. Ескі жылу электр орталығының ең жоғарғы желілік температурасы тек 950°С болса, жаңа станцияда 1300°С дейін ұлғайтуға мүмкіндік бар, су қыздыру қазандықтарының пайдалы әсер коэффициенті (КПД) 30 пайызға жоғары, себебі жылу жоғалтуы аз.

Қазіргі таңда станциядағы екі газ турбиналы қондырғы үздіксіз жұмыс істеп, бірінші энергия жүйесіне 170 мегаватт электр қуатын береді. Бұл өндірістік өндірістің энергия тапшылығын азайтуға айтарлықтай үлес қосып отыр. Алдағы уақытта қуаты 95 мегаватт болатын тағы бір қондырғыны іске қосу жоспарланған. Бұл нысанды толық жобалық қуатна жеткізуге мүмкіндік береді. Жоба толық іске қосылған жағдайда Қызылорда облысы электр энергиясымен толық қамтылып қана қоймай, өзге өңірлерге де электр қуатын экспорттауға мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде аймақта өндіріс орындарын дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға үлкен мүмкіндік.

Бұл жоба – еліміздің энергетикалық инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған ауқымды бағдарламаның бір бөлігі. Биыл республика бойынша дәстүрлі және жаңартылатын энергия көздері арқылы жалпы қуаты 2,64 гегаватт болатын нысандарды пайдалануға беру көзделген. Жылдық жоспар аясында төрт бу-газ қондырғысын, екі жел электр станциясын және төрт күн электр станциясын іске қосу, сондай-ақ екі энергетикалық нысанның қуатын кеңейту қарастырылған. Жаңа энергия нысандары жылына шамамен 16 млрд кВт/сағ электр энергиясын өндіреді деп күтілуде. Бұл шаралар 2027 жылдың бірінші тоқсанының соңына қарай елдегі энергия тапшылығын толық жоюға, ал 2029 жылға қарай қуаттардың тұрақты профицитін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сыр өңіріндегі жаңа газ электр станциясының іске қосылуы өндіріс энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды қадам болып отыр.

Айтқолын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте



ЖАҢАРҒАН ОЙЫН АЛАҢЫ

29 тұрғын үй аулалары абаттандырылады

Өткен жылы аймақ басшысының қолдауымен бөлінген 1,3 млрд теңгеге көпқабатты 20 тұрғын үйдің ауласына заманауи алаңдар жасалып, аумағы абаттандырылған. Әсіресе, жоба шет аймақтарда жүзеге асты. Бұл бағыттағы жұмыстарға биыл да екі есе қаржы бөлініп, балалардың ойын және спорт алаңдарын салуды көбейту жоспарланған. Яғни, 1,9 млрд теңгеге 29 көпқабатты тұрғын үйдің ауласы абаттандырылады. Соның бірі – «Астана» шағын ауданында салынууда.

Қала әкімі Нұржан Ахатов мердігер мекеме басшыларына жұмысты сапалы және мерзімінде атқаруды тапсырды.

– Аймақ басшысы тұрғындардың талап-тілегін ескерусіз қалдырмай, қолдау білдіріп келеді. Жаңа ойын және спорт алаңдарын салу да соның дәлелі. Мердігер мекемелер жауапкершілікті сезініп, құрылыс сапасына ерекше мән беруі қажет. Бұл алаңдар ұзақ жылға қызмет етуі тиіс. Ойын алаңдарының сапалы болуы маңызды, – деді қала әкімі.

Қала тұрғындары да ойын алаңдарының салынып жатқанына дән риза.



– Балаларды ойнау мәселе еді. Қазір өз ауламызда әдемі, қауіпсіз алаң салынууда. Бұл тұрғындар үшін ыңғайлы. Кішкентайлар үшін игілікті іс жасалып жатқанына қуанамыз, – дейді Астана шағын ауданының тұрғыны Жайна Пазылова.

Сонымен қатар «РеалСтройСнаб» ЖШС-нің демеушілігімен 20 тұрғын үй ауласындағы ойын және спорт алаңдарына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Барды бүлдірмей ұстасак...

Балаларға арналған заманауи ойын алаңдарының салынуы қаланың көркінін келтіріп қана қоймай, тұрғындардың дұрыс демалуына жағдай жасайды. Қала тұрғыны Марина Сапарбекова ойын және спорт алаңдарының салынып жатқанын қуанып жүргенін жасырмады.

– Қаламыз күн өткен сайын көркейіп келеді. Қала орталығынан балаларға ойын және спорт алаңы салынып, аула көркіні аша түсті. Мұның барлығы тұрғындардың игілігі үшін жасалып жатқан жұмыстар. Алдағы уақытта оларға өз дүниемізге қарағандай қарасақ, көпке жарары анық, – дейді қала тұрғыны.

Басы 1-бетте

Айтқолын АЙТЖАНОВА

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Бидаш Молдахметұлы брифинг берді. Ол Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының эпидемиологиялық ахуалы мен алдын алу шаралары туралы жан-жақты баяндады.

Қызылорда аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі – Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бойынша қолайсыз өңірлер қатарына жатады. Осыған байланысты қалада жыл сайын эпидемиологиялық жағдайды тұрақты бақылауда ұстап, алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

– 2025 жылы Қызылорда қаласында конго-қырым геморрагиялық қызбасы ауруының 1 жағдайы тіркелген. Ауру шіде айында анықталып, клиникалық және зертханалық тұрғыда толық расталған. Наукас – ересек адам. Эпидемиологиялық тексеру барысында оның Шиели ауданында мал бағуға көмектескені анықталған. Ауру ошағында барлық қажетті эпидемияға қарсы шаралар жүргізіліп, қорытынды дезинфекция жұмыстары атқарылды. Наукас облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында арнайы ем қабылдап, сауығып шықты, – деді Бидаш Бейбіт.

Сонымен қоса наукаспен байланыста болған 8 адам анықталып, олардың ішінде 1 адам жоғары қауіпті топқа жатқызылған. Ол толық зертханалық тексеруден өтіп, «Рибавирин» препаратымен профилактикалық ем қабылдады. Зерттеулер нәтижесінде ауру ошағынан вирус тасымалдаушы кене анықталған жоқ. Кене шаққан адамдарға 14 күн бойы медициналық бақылау жүргізілді. Жалпы, өткен жылы қала бойынша 729 кене шағу жағдайы тіркелген.

2026 жылдың эпидемиологиялық маусымы басталғалы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы күдігі бойынша 2 жағдай тіркелген. Олар – Шиели ауданы Майлытоғай ауылының тұрғындары. Биыл Қызылорда қаласы



бойынша Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруы тіркелу қаупі жоғары 4 қолайсыз аймақ анықталған. Қорқыт ата көшесі, «Бәйтерек», «Әл-Фараби» шағын аудандары, «Эдельвейс» және «Сабала» саяжайлары, сондай-ақ Көкжиде және Талсуат елді мекендеріне кенеге қарсы өңдеу жүргізу жоспарланды.

КЕНЕДЕН САҚТАНЫҒЫЗ

Кезекті эпидемиялық маусымда аурудың алдын алу мақсатында қала әкімінің қаулысымен бекітіліп арнайы іс-шаралар жоспары жүзеге асырылуда. Көктемгі кенеге қарсы өңдеу жұмыстарын бірінші кезеңі 8-12 сәуір аралығында жүргізілсе, келесі кезеңі 17-21 сәуір аралығы кенеге қарсы тәуекелі жоғары аумақтарда бақылау жүргізіледі. Жұмыстан тиімділігі мен сапасын бақылау 19-28 сәуір аралығында өтеді. Мамандардың айтуынша, кенеге қарсы өңдеудің тиімділігі кемінде 95 пайыз болуы тиіс.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы – кене арқылы жұғатын қауіпті вирустық инфекция. Бұл ауру малдың қаны немесе тінімен байланысқанда, адамнан адамға қан арқылы да жұғуы ықтимал. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының бастапқы кезеңіндегі белгілерін ықтимал анықтау үшін аумақтық медициналық ұйымда кене шаққаннан кейін 14 күн бойы бақыланады. Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары Шарипа Алиева дене қызуының күрт көтерілуі,

жеке қорғаныс шараларын сақтау қажет екендігін ескертті.

– Кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары «Ұлттық сараптама орталығы» облыстық филиалы және «Ала comfort» ЖШС мекемелерімен бірлесіп жүргізілуде. Талсуат, Көкжиде елді мекендерінде 95 гектар аумақта санитариялық-қорғаныш белдеулерінде арнайы ОШУ-100 және ыстық тұман генераторлары арқылы өңдеу жұмыстары жүргізілді. Залалсыздандыру барысында «Фипрон 0,2%» ұнтағы және «Фаворит» сұйық препараты қолданылды, – деді «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Фарида Ыдырысқызы.

Сонымен қатар ауылдық округ әкімдеріне елді мекендердегі мал қораларды, аула аумақтарын тазалау, қоян пен ки қалдықтарын жою, малды кенеге қарсы өңдеу жұмыстарын күшейту бойынша арнайы тапсырмалар берілді. Қала бойынша 9 тоғайуаннасымен қамтамасыз ету үшін ауылдық округ және кент әкімдеріне ұсыныс берілген.

Жыл басынан бері қала аумағында 1860 кене жиналып, зертханалық тексеруден өткізілді. Оның ішінде: 1020 кене – табиғаттан, 240 кене – ауылшаруашылық малдан, 600 кене елді мекендерден алынған. Зерттеу нәтижелері бойынша кенелерден қауіпті вирус анықталған жоқ. Барлық кене «Dermocenter niveus» түріне жататыны белгілі болды.

Сонымен қатар 4846 медицина қызметкерлері қызмет бабында аурудан сақтану үшін Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының эпидемиологиясы, клиникалық белгілері, зертханалық диагностикасы, емдеу, алдын алу шаралары, науқастарға көмек көрсету кезіндегі әдістер тусіндіріліп, семинар-тренингтер өтті.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын алу мақсатында халық арасында да көп көлемде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Түрлі акциялар өткізіліп, әсіресе мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындарға ерекше назар аударылуда. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да ақпараттандыру тұрақты жүргізіліп келеді.

Қызылорда қаласында Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу бағытында барлық тиісті мекемелердің қатысуымен кешенді жұмыстар атқарылуда. Эпидемиологиялық жағдай тұрақты бақылауда, ал жүргізіліп жатқан алдын алу шаралары аурудың таралуына жол бермеуге бағытталған. Мамандар тұрғындарды сақтық шараларын қатаң сақтауға, әсіресе кене шағудан қорғануға шақырады.

Думан КЕҢШІЛІК

Ерлікті дәріптеген ұрпақ

Көрсем де соғыстың алапаты сол күйінен, Жасы білем мен оның сұрапылын, қиынын. Өйткені мен сол жылғы аналардың жырымын, Аман қайтқан сойқаннан майдангердің ұлымын. Майдангердің ұлымын, күз болған талайға, Қағысым бар желбіреп тұрған анау жалауда. Бауырластар зираты – қарулсыз әкемің,

Басымды ием тік тұрып мәңгі өшпейтін алауға, – деген өлең жолдары 81 жыл бұрынғы ерлікті ұлықтаған жеңіс салтанатын еске салады.

«Менің атам – майдангер» тақырыбындағы батырлар ерлігін паш еткен байқау облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Сыр жүлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясының мәжіліс залында өтті. Мектеп оқушылары арасында өткен облыстық байқаудың мақсаты – майдангерлердің ерлігін насихаттау арқылы рухани құндылықты дәріптеу.

Байқаудың басталар сәтінде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев жеңіс мерекесінің құндылығына, батырлар ерлігінің тарихына тоқталып, байқауға қатысушы үміткерлерге сәттілік тіледі.

Байқауға қала, аудандардан 20 үміткер қатысып, өз өнерін ортаға салды. Екі кезеңнен тұратын байқаудың алғашқы кезеңінде қатысушылар «Менің атам – майдангер» тақырыбында эссе жазса, екінші кезеңде «Есімдерім ұлықтап жыр жазамыз» атты мұшайрада майдангерлерге арнау оқыды.

Жарыс қорытындысымен «жүзден жүйрек, мыңнан тұлпар» шыққан Сырдария ауданы



«МҮГЕДЕКТИГІ БАР АДАМДАРҒА ЖҮРІП-ТҮРУДЫҒЫ АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАРҒА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛМІН ҚЫЗМЕТІ

Көрсетілетін қызметті беруші: Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ККМ.

«Мүгедектігі бар адамдарға жүріп-тұрудың арнайы құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алуға өтініш қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz Электрондық үкіметтің веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: Мемлекеттік корпорация, порталға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын тіркеген күнен бастап – 5 (бес) жұмыс күні.

Құжаттар тізбесі:

1) Жеке басты куәландыратын құжат туралы немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат туралы (сөйкестендіру үшін);

2) Мүгедектігі белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді алу үшін «Электрондық үкімет» шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі-ақпараттық жүйелер) мүгедектігі бар адамның жеке сөйкестендіру нөмірі бойынша сұрау салуларды қалыптастырады.

Жұмыста мертітуге ұшыраған немесе кәсіпті ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарға жүріп-тұрудың арнайы құралдармен көмек алуға өтініш берген кезде:

1) Өндірістегі мүгедектікке алып келген жағдайы туралы; 2) Кінәсінен жұмыста мертітуге ұшырау немесе кәсіпті ауруға шалдығу болған жұмыс берушінің дара кәсіпкердің қызметін тоқтату немесе заңды тұлғаны тарату туралы қосымша мәліметтер сұратылады.

Ұсынылған түпнұсқалармен сөйкестендіргеннен кейін құжаттардың көшірмелерін өтінішті қабылдаған жауапты қызметкер тиісті құжаттардың қабылдағаны туралы қолхатқа немесе осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес берілетін талонға белгі қою арқылы куәландырады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ҚҰҚЫҒЫНЫҒЫ ҚОРҒАЛУЫ

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі мен олардың қорғалу тетіктері – кез келген демократиялық мемлекеттің тұрақтылығының кепілі.

Мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс жасауы тікелей мемлекеттік қызметшінің құқықтық қорғалу деңгейіне байланысты. Қызметші өзін қауіпсіз сезінгенде және оның құқықтары заңмен кепілдендірілгенде ғана, ол халыққа сапалы қызмет көрсете алады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы Заңымен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Бұл ретте, азаматтармен бірге мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қорғау, ал бұзылған жағдайда қалпына келтіру жұмыстары департаментпен жүзеге асырылып келеді. Әрине, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда мемлекеттік қызметшілердің меритократия қағидатына негізінде өз еңбегіне сай мансаптық осу мүмкіндігін қатар олардың моральдық-әдептік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Дегенмен, мемлекеттік қызметшілердің қызметі Әлеп кодексіне белгіленген талаптар аясында жүзеге асыру қажеттілігіне қарамастан, соңғы кезде мемлекеттік қызметшілер тарапынан әлеп нормаларын бұзу деректері әлі де орын алуда. Мысалы, мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссиялардың жұмысына жүргізілген талдау нәтижесімен 2026 жылдың 1-тоқсанында 151 мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолданылған. Оның ішінде, жергілікті атқарушы органдарда 111, орталық органдардың аумақтық бөлімшелерінде 40 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Тәртіптік жауап-

кершілікке тартылғандардың арасында қызметтік әлеп нормаларын бұзғаны үшін 1 мемлекеттік қызметші бар. Талдау нәтижесімен 1 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың күші жойылды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен 2026 жылдың 1-тоқсанында 7 тексеру жүргізілді, оның ішінде 3 жоспарлы және 4 жоспардан тыс тексеру жұмыстары жүргізіліп, 274 заң бұзушылықтар анықталды. Тексерулер нәтижесімен департаментпен анықталған бұзушылықтарды жою туралы 5 ұсынулар енгізіліп, 1 мемлекеттік қызметшінің және 1 жеке тұлғаның бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Бұдан бөлек, жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында 44 мониторинг жүргізіліп, 74 үстеме жұмыс жасау дерегі анықталды. Департаменттің хаты негізінде 52 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға 71 демалыс сағаттары берілді.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылу-мауын қадағалайтын болады.

М.УТАРАШЕВ,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

БАСТЫ МАҚСАТ – «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН» ИДЕЯСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮРҒЫДАН БЕКІТУ

Ең бастысы, алғаш рет Прембулала табиғатқа ұқыпты қарау қажеттігі көрсетілген. Бұл – адамның өмір сүруге және денсаулыққа қолайлы қоршаған ортаға құқығы, сондай-ақ табиғатты сақтау және табиғи байлықтарға ұқыпты қарау міндеті ерекше маңызға ие. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында мемлекеттің мақсаты мен азаматтардың міндетін бір бапта шоғырландыру – ғылыми және құқықтық тұрғыдан негізделген шешім. Жаңа Конституция конституциялық ережелерді жүйелі және азаматтардың табиғатты сақтау мен табиғи байлықтарға ұқыпты қарау жөніндегі дербес міндетін негіздейді. Бұл экологиялық жауапкершілікке қатысты заманауи көзқарасты көрсетіп, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылын күшейтеді.

– Кінәсіздік презумпциясы мен үнісіз қалу құқығы конституциялық деңгейге көтерілді;

Бұл нормалар әрбір адамды әділетсіз қудалаудан қорғауға бағытталған. Адам кінәсіз деп табылады. Яғни ол өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес – бұл айыпталу тарапының міндеті. Соттың заңды күшіне енген шешімінің ешкімді қылмыскер деп атауға болмайды. Осылайша, бұл нормалар адамды негізсіз айыптаудан, қысым көрсетуден және қайта жазалаудан қорғайды.

– Адвокатура конституциялық мәртебе алды, қорғаушы мен айыптаушы тараптардың мәртебесі теңестірілді;

Адвокатура институтын конституциялық деңгейде бекіту құқықтың үстемдігі қағидасының элементі ретінде сот қорғауына және білікті заң көмегіне құқықтық кепілдіктерін күшейтуге бағытталған. Бұл норма адвокатураға сот төрелігі саласындағы мемлекет пен жеке тұлға арасындағы тепе теңдікті қамтамасыз ететін дербес жария құқықтық институт мәртебесін береді. Конституциялық бекіту заңға тәуелді реттеу деңгейінде адвокаттық қызметтің тәуелсіздігін ерікті түрде шектеу мүмкіндігін болдырмайды және адам құқықтарын қорғаудың институционалдық кепілдіктерін күшейтеді.

– Неке ер мен әйелдің одағы ретінде конституциялық деңгейде бекітілді. Яғни, неке ерікті және тең құқықты одақ екені ерекше атап көрсетілді. Бұл ер мен әйелдің отбасындағы теңдігін бекітеді және некеге мәжбүрлеуге тыйым салады. Осылайша, тіркелмеген немесе бейресім одақтар құқықтық институт ретінде қарастырылмайды.

– Дін мемлекеттен бөлек екені нақтыланды. Бұл – діннің мемлекеттен бөлінгені нақты түрде бекітілгендігі және Қазақстан аумағында діни бірлестіктердің қызметі тек заң талаптарына сай жүзеге асырылуы. Сонымен қатар діни ұйымдарға қолданылатын құқықтық шектеулер де анық көрсетілген. Олар: конституциялық құрылыстың негіздерін қорғау, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті қорғау, азаматтардың денсаулығын сақтау және қоғамның адамгершілік құндылықтарын қорғау жатады. Жаңа Конституциядағы 7-бап пен 33-баптың 5-тармағы өзара тығыз байланысты. Аталған тармақта білім беру ұйымдарында – мектептерде, жоғары оқу орындарында және басқа да білім беру мекемелерінде білім беру мен тәрбиенің зайырлы сипаты нақты әрі айқын түрде бекітілген. Сонымен қатар жаңа Конституциядағы 22-бап әркімнің өзінің ұлттық тиесілігін анықтауға, оны қорғауға не көрсетпеуге құқығы бар екені бекітілген. Осылайша, мемлекет пен діннің бөлінуі заң жүзінде нақты бекітіліп, діни бірлестіктердің қызметі құқықтық талаптармен реттеледі және қоғам қауіпсіздігі мен құндылықтарын қорғау мақсатында шектеледі. Сонымен бірге білім беру жүйесінде зайырлы қағидаттың сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қоғам мен мемлекет арасындағы өзара байланыстың ең маңызды жаңалықтарының бірі – Қазақстан Халық Кеңесі мәртебесінің жаңа деңгейге көтерілуі. Бұл институт елдегі қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі ретінде Конституцияда нақты бекітілген.

Бүгінгі таңда қоғамның саяси өмірге қатысуы мен халықтың пікірін ескеру мәселесі өзекті. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Халық Кеңесінің конституциялық деңгейде танылуы – мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты нығайтудың маңызды қадамы. Бұл – билік пен халық арасындағы байланысты институционалдық тұрғыда бекіту деген сөз.

Қазақстан Халық Кеңесі – еліміздегі түрлі этностар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін біріктіретін бірегей алаң. Оның басты мақсаты – қоғамдық



келісімді сақтау, ұлттық бірлікті нығайту және мемлекеттік саясатты қалыптастыру барысында халықтың пікірін жеткізу. Жаңа конституциялық өзгерістерге сәйкес, бұл органның рөлі кеңейіп, оның ұсынымдары мен бастамалары мемлекеттік шешімдер қабылдауда елеулі маңызға ие болады. Аталған норманың енгізілуі Қазақстандағы демократиялық үрдістердің тереңдей түскенін көрсетеді. Себебі енді азаматтардың дауысы тек сайлау арқылы ғана емес, осындай консультативтік және өкілдік органдар арқылы да естіледі. Бұл өз кезегінде қоғамдағы сенімді арттырып, мемлекеттік басқарудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Қазақстан Халық Кеңесі этносаралық қатынастарды үйлестіруге ерекше рөл атқарады. Қазақстан үшін бұл фактор аса маңызды. Кеңес алаңында түрлі мәдениеттер мен көзқарастар тоғысып, ортақ құндылықтар қалыптасады. Бұл – тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі. Жаңа Конституция аясында Қазақстан Халық Кеңесінің қызметін күшейту – тек символикалық қадам емес, нақты саяси және құқықтық мәні бар шешім. Бұл институт – қоғамның барлық топтарының пікірін ескеруге бағытталған заманауи басқару моделінің көрінісі.

Демек, Қазақстан Халық Кеңесі – Жаңа Қазақстанның демократиялық негіздерінің бірі және ол халықтың үнін білдіретін жеткізетін тиімді көпір ретінде қызмет етіп, елдің тұрақты дамуына өз үлесін қосады.

Конституция бойынша егеменді, тәуелсіздік, унитарлық сипат және аумақтық тұтастықтың өзгермейтін мызғымас құндылықтар ретінде бекітілуі – Қазақстанның мемлекеттік негіздері ешбір жағдайда қайта қаралмайтын биліреді, яғни ел әрдайым дербес, біртұтас және бөлінбейтін мемлекет болып қала береді, ал бұл қағидаларға қол сұғу заң жүзінде мүмкін емес және олар мемлекеттіліктің басты кепілі ретінде конституциялық деңгейде бекітілген. Бұл қағидалар Қазақстан Республикасының Конституциясы 2-бабында нақты көрсетілген. Аталған норма Қазақстанның тәуелсіз, біртұтас мемлекет екені және оның аумағы бөлінбейтін әрі қол сұғылмайтын қорғалынып, сондай-ақ осы конституциялық құрылымның негіздері өзгермейтін құндылықтар ретінде айқындалады.

Жаңа Конституцияның Прембуласында және 3-бабында көрініс тапқан ережелерге сәйкес, білім, ғылым, мәдениет және инновациялар мемлекеттің стратегиялық дамуының басым бағыттары ретінде айқындалып, қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыруға және тұрақты әлеуметтік-экономикалық прогресті қамтамасыз етуге негіз болатын конституциялық құндылықтар деңгейінде бекітілген.

Жаңа тұжырымдарға сәйкес, мемлекет білім беру саласында дамуға, ғылымды қолдауға, сондай-ақ жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуге басымдық береді. Сонымен қатар адами әлеуетті арттыру мақсатында халықтың біліміне, кәсіби дағдыларына және денсаулығына инвестиция салуға ерекше мән беріледі. Бұл ұстаным адами капиталды дамуға бағытталған негізделген. Осылайша, мемлекет зияткерлік әлеуеті жоғары, білімді және білікті мамандарға сүйеніп отырып, елдің орнықты дамуын қамтамасыз етуге қолдайды.

Жаңа Конституция – Жаңа Қазақстанның берік іргетасы. Ол мемлекет пен қоғам арасындағы жаңа әлеуметтік келісімді қалыптастырып, биліктің тиімділігін арттырады, азаматтардың құқықтарын күшейтеді және елдің тұрақты, әділетті дамуына жол ашады. Конституциялық реформа «Құқық үстемдігі» және «Адам – мемлекеттің басты құндылығы» қағидаларын алға шығарады.

Жадыра ШУКЕНОВА,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Құқықтану» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, заңтану магистрі

● ЖҮРЕК КІЛТИ

«Адамдарда ішкі күйзеліс көп. Өзін жоғалту, әлеуметтік желіге телмірумен уақыт өткізгендер. Өзіне мүмкіндік бермейтін, өзі шешім қабылдай алмайтын жандар көп. Сондай-ақ отбасындағы қарым-қатынастың дұрыс болмауы да бүгінгі күннің өзекті мәселесі», — дейді ол.

Психотерапевт Айман Ахметовамен сұхбатымызда адам жанына үйілуге тырыстық. Шынында, адамдар қазір неге жанталасып жүр?

Неге көңілі толмайды? Сұхбаттан оқыңыз...

Айман АХМЕТОВА,
психотерапевт:

ДЕКРЕТТЕГІ АНАЛАРДЫҢ ЖАНТАЛАСЫН ТҮСІНБЕЙМІН

— Қазіргі қоғамда адамдардың психотерапевт қабылдауына жүгінуге қандай деңгейде?

— Кейінгі жылдары адамдардың психотерапевтке жүгінуге айтарлықтай өсіп келеді. Бірақ әлі де көзқарас дұрыс қалыптасқан жоқ, адамдар мұқтаж болса да психотерапияға жүгіне бермейді. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, қаржылық жағдай, екіншіден, өз бойындағы ауруды сезіне алмауы. Әлемде 1 млрд адам психикалық қиындықпен өмір сүреді дейтін болсақ, оның 10 пайызы ғана психотерапевтке жүгінуге мүмкін. Біздің елмен салыстырғанда Еуропа елдері психотерапевт көмегіне жүгінуге деген көзқарасы дұрыс. Қазақстандағы статистикалық мәліметке сүйенсек, 2026 жылы психикалық мәселесі бар адамдардың 80 пайызы мүлдем емделмеген. Өзім «Ана мен бала» орталығында жұмыс істеймін. Мұнда әйелдерде босанғаннан кейін психикалық өзгерістер болып жатады. Сол кезде пациенттерге босанғанға дейін немесе босанғаннан кейінгі депрессияның салдарынан психикалық ауытқудың жоғары деңгейі болып тұрғанын ескертсек, кейбірі ренжіп жатады. Негізі мұндай кезде психиатр шақырып, дәрімен емдеп барып, психотерапевт әрі қарай жұмыс істемесе нәтиже болуы екіталай. Жалпы қоғамда психотерапевтке деген сұраныс жоғары болса да, адамдардың бұл туралы түсінігі аз болғандықтан жүгінуге әлі де төмен.

Себебі адамдар психотерапевт пен психологтың айырмашылығын, коучтің кім екенін ажырата білмейді. Негізінен психотерапевтке депрессиялық диагнозы барлар жүгінуге керек. Жалпылама депрессия деп аталғанымен оның ішінде күйзеліс, невроз, паникалық

шабуыл болуы мүмкін. Мәселен, паникалық шабуыл кезінде адамның жүрегі қатты соғып, сыртқа шығып кететіндей, ауа жұта алмай қысылады. Мұндай кезде дәрі ішіп ғана қоймай, әрі қарай психотерапевтке емделмесе, ауруы асқынып кетуі мүмкін. Алайда адамдар психотерапевтке баруға асықпайды, себебі бойындағы өзгерісті түсіне бермейді.

— Психолог пен психотерапевтің айырмашылығы қандай?

— Шынында, адамдар психолог пен психотерапевтті шатастырып алады. Психолог адамның психикасын, мінез-құлқын, эмоциясын зерттейтін маман. Ол кеңес береді, эмоционалдық қолдау көрсетеді, мотивация береді. Арнайы тест көмегімен жұмыс істеу арқылы адамның эмоциялық жағдайын анықтайды. Ал психотерапевт психикалық бұзылыстарды арнайы әдістермен емдейтін маман. Қарапайым тілмен айтқанда, психолог адамның жағдайын түсінуге, ал психотерапевт сол жағдайдың тамырын емдеуге көмектеседі.

— Психолог немесе психотерапевтке тек проблемасы бар адамдар ғана бара ма?

— Қазір мұндай түсінік өзгерді. Адамдар бұл мамандарға тек мәселемен ғана емес, өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, дамыту үшін де барады. Мұндай кезде психотерапевтің негізгі мақсаты — адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектесу. Ал өмірде түрлі қиындыққа кезігіп, сәтсіздіктерден өзін жоғалтып алған, жаракат алған адамдарды арнайы терапия арқылы емдейді. Бұрын психологқа әлсіз адамдар барады деген көзқарас болса, қазір өз өміріне жауапкершілікпен қарайтын, өсуге ұмтылған адамдар келеді. Әсіресе кәсіппен айналысатын, табысын жақсартып, өзі де өсуге ұмтылған адамдар психотерапевтке жүгінеді.

— Тәжірибеніңден түгеніңіз: қазір адамдарды қандай мәселе көбірек мазалайды?

— Адамдарда ішкі күйзеліс көп. Өзін жоғалту, әлеуметтік желіге телмірумен уақыт өткізгендер. Өзіне мүмкіндік бермейтін, өзі шешім қабылдай алмайтын жандар көп. Сондай-ақ отбасындағы қарым-қатынастың дұрыс болмауы да бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

— Зерттеушілер келешекте әлем бойынша халықтың 90 пайызы психолог кеңесіне мұқтаж болатынын айтқан. Сіздің пікіріңіз?

— Қазір өмірден ғажайып күтетіндер көп. Кез келген жетістікке маңдай тер еңбекпен, төзіммен емес, оңай жолмен, бәрі тез болса екен деп жанталасады. Тез байып кету, оңай жетістікке жету деген сияқты. Бұған әлеуметтік желідегі қызғалды-жасылды өмірдің де әсері бар. Цифрлық әлемдегі күнделі өзгеріс, шамадан тыс ақпараттың көптігі және әлеуметтік желідегі өзгенің өмірін өз өмірімен салыстыру адамдарды күйзеліске түсіреді. Сондай-ақ адамдарда мазасыздық жыл сайын көбейіп келеді. Өзінен-өзі күйіп-пісу, өзін кінәлау басым. Тағы бір қиындығы, адамдардың әлеуметтік желіге әбден еніп кеткені соншалық, жақынымен тіл табыса алмау секілді қиындық туғызуда. Өзін жалғыз сезінген адам күйзеліске көп түседі. Сол себепті келешекте адамдар стоматологқа каншалықты жиі жүгінсе, психолог көмегіне де соншалықты мұқтаж болады.

«Kyzylorda

News» ақпарат-

тық агенттігінің ре-

дакторы Айжан Абдуллаева

өз баяндамасында өңірлік медианың

цифрлық трансформациясы туралы

тәжірибелік тұрғыдан ой бөлісіп,

аймақтағы газет редакцияларының,

жаңалық сайттарының және

әлеуметтік желідегі ақпараттық

парақшалардың қазіргі даму бағытына

тоқталды.

Айжан Абдуллаеваның айтуынша,

өңірлік БАҚ үшін цифрландыру —

уақыт талабы. Бұрын газет негізгі

ақпарат көзі болса, қазір оқырман

ақпаратты сайттан, әлеуметтік желі-

ден, мессенджерден, қысқа видеодан

алғысы келеді. Сондықтан редакциялар

тек қағаз басылыммен шектелмей,

цифрлық платформаларға белсенді

шығуы қажет.

Конференция аясында «Ақмешіт

апталығы» газетінің өңірлік медианы

цифрландыру бағытындағы тәжі-

рибесі атап айтылды. Басылым тілшісі,

жоба жетекшісі София Темірболаттың

айтуынша, «Media x AI: өңірлік меди-

аның трансформациясы. Мәтінбек

Сығұлды жобасы» — дәстүрлі медиа мен

жасанды интеллект мүмкіндіктерін ұштастырған тың бастама.

Оның сөзінше, жоба газеттегі мазмұнды заманауи цифрлық форматқа бейімдеуді мақсат етеді. Яғни газет бетінде жарияланған салмақты мақалалар қысқа бейнешолу түрінде әлеуметтік желілерге ұсынылып, оқырман толық материалды сайттан немесе басылымнан оқуға қызығады. Осылайша «Ақмешіт апталығы» дәстүрлі журналистиканың мазмұнын сақтай отырып, оны аудиторияға түсінікті әрі тиімді форматта жеткізуді қолға алған. Бұл тәсіл аудитория қызығушылығын арттырып, әлеуметтік желідегі қаралымдардың өсуіне ықпал еткен.

Конференция қорытындысында бірқатар ұсыныс айтылды. Атап айтқанда, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру ба-



— Қазір психолог кеңесіне шын мұқтаждар көп пе?

— Сұраныс бар. Қазір адамға адам керек. Әлеуметтік желі адамдар арасындағы қарым-қатынасты әлсіретіп жіберді. Екінші жағынан уақыт жеткізе алмау, әрдайым асығып жүру де ата-ана мен баланың арасын алшақтатты. Қазір ата-ананың баласымен сөйлесуге, көңіл бөлуге уақыты жоқ. Мәселен, маған декреттегі аналар бірнәрсенен айналысқысы келетінін айтып жігі келеді. Декреттегі ана немен айналысуы керек? Бұл оған баласына қарауға, көңіл бөлуге, бар мейірімін беруге арналған уақыт ғой. Ол уақыт қайта айналып келмейді. «Жай ғана ана болыңыз». Өсіп келе жатқан сәбиге қараңыз. Оның күлгені, бидырлағаны, тұрғаны, жүргені үлкен ғылым ғой. Соны зерттеңіз, қамқорлық танытыңыз» деймін. Бұл жай демалыс немесе бос өтіп жатқан уақыт емес, үлкен жауапкершілік кезеңі. Зерттеушілер адамның психикалық жүктемесін бірнеше фактормен байланыстырады: Тұрақсыз экономика, әлеуметтік желідегі салыстыру, ақпараттың шамадан тыс көптігі, жалғыздық, өмір қарқынына ілесіп алмай шаршауы. Кейбір адамдар өзін аласып қалғандай сезініп, жанталасып бағыт-бағдар іздеп жүреді. Қазір көпшілігі психологқа мынадай мәселемен келеді: Травма, ішкі күйзеліс, өзін түсінбеу немесе өмір сапасын жақсартуға ұмтылу.

— Қазір адамдарға жылы сөз жетіспейтіндей. Сіз қалай ойлайсыз?

— Технология дамыған ғасырда адамдар бір-бірімен көп ақпарат алмасады, бірақ сезімін білдіре алмайды. Онлайн байланыс шынайы қарым-қатынасты жоғалтты. Адамдардың бір-біріне жылулық бере алмауы, робот сияқты қалып таңыту салдарынан адамдар әлеуметтік желіні ақтарып, жылы сөз іздейді. Негізі бауырмалдық, жылы сөз айту, сезімін білдіру адамның қоршаған ортада қауіпсіз екенін сезіндіреді.

— Әлеуметтік желі, гаджет адам психологиясына қаншалықты кері әсерін тигізді?

— Әлеуметтік желінің пайдалы жағын ала білу адамның өзіне байланысты. Ақпаратты сүзгінен өткізе білу керек. Азанда ұйқыдан ояна сала телефон ақтарып дұрыс емес. Миды қысқа толтыру адамды әлсіретеді, шаршатады. Мәні жоқ қысқа видеолар ойлануға мұрша бермейді. Соның салдарынан қазір көпшілігінің, әсіресе жастардың кітап оқуға шыдамы жетпейді. Тыңдау қабілеті де әлсіреді. Түнімен телефон көретіндердің ұйқы сапасы бұзылады, денсаулығы сыр береді.

— Сұхбатыңызға рахмет.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ДӘСТҮРЛІ БАҚ ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРГЕ ҚАЛАЙ БЕЙІМДЕЛУДЕ?

Университеттің филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Зухра Ермағанбетова өз сөзінде медианың цифрлануы мен әлеуметтік желілердің ақпарат таратуына роліне тоқталды. Ол қазіргі қоғамда медианың тек газет, радио немесе теледидармен шектелмейтін, ақпараттық кеңістіктің негізгі бөлігі әлеуметтік желілерге ауысқанын айтты.

— Әлеуметтік желілер ақпараттық кеңістікті жылдамдыққа, қысқалыққа және визуалды сипатқа бейімдеп үлгерді. Бүгінгі оқырман көлемді мақаладан гөрі қысқа видео, инфографика мен подкаст форматтарын жиі тұтынады. Сондықтан дәстүрлі БАҚ осы өзгерістерге бейімделмесе, өз оқырманынан көз жазып қалуы әбден мүмкін. Цифрландыруды тек техникалық жаңғыру деп түсіну үлкен қателік. Бұл медианың ойлау жүйесін, жұмыс тәсілі мен аудиториямен байланыс формасын трансформациялайтын ауқымды үдеріс, — дейді Зухра Ермағанбетова.

Сондай-ақ ол болашақ журналистердің медиа сауатты арттыру

мәселесін көтерді. Бүгінгі студент SMM, мультимедиялық сторителлинг, подкаст жасау мен фактчеккинг негіздерін университет қабырғасында жүріп-ақ терең меңгеруі тиіс екенін жеткізді.

Аға оқытушы, PhD Агерке Жолмаханова өз баяндамасында жастар аудиториясының ақпарат тұтыну ерекшеліктері туралы сөз қозғады. Ол қазіргі жастардың жаңалықты дәстүрлі

газет немесе теледидардан емес, көбіне әлеуметтік желілерден алатынын атап өтті. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жастар арасында Instagram, TikTok, Telegram, YouTube секілді платформалардың ақпарат көзі ретінде кеңінен қолданылатынын айтты. Әсіресе қысқа видеолар мен визуалды форматтағы ақпарат жастардың назарын тез аударады. Бұл қазіргі медианың жаңа талаптарын көрсетеді.



Басы 1-бетте

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициқталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакциясымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3858 Тапсырыс №641

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолжан АЙТЖАНОВА